



# ФРАНЦИЯ РЕСПУБЛИКАСЫ

Орындаған: Болатов А.А.

Тобы: ОП-18.1.1




## Франция

**Республикасы** ([фр. \*République française\*](#)) — [Батыс Еуропадағы](#) ең ірі мемлекет, жерінің ауданы жағынан ол [Ұлыбританиядан](#) екі есе үлкен. Францияның құрамына Корсика аралы, Жерорта теңізі мен Бискай шығанағындағы ұсақ аралдар енеді. Француз одағы деп аталатын бірлестікке бес шалғай департамент (Кариб теңізі алабындағы [Гваделупа](#), [Мартиника](#), Оңтүстік Америкадағы [Гвиана](#), [Үнді мұхитындағы](#) [Реюньон](#), [Атлант мұхитындағы](#) Сен – Пьер мен Микелон) және т.б. жатады. Халық саны 64,6 млн адам(1 шілде 2014). Француздар өз елін «гексагон» (алтыбұрыш) деп атайды. **Еуропаның** батысында орналасқан елдің негізгі аумағының құрылықтағы шекаралары солтүстікте [Бельгия](#) мен [Люксембург](#), шығыста [Германия](#) мен [Швейцария](#), ал оңтүстік – шығыста [Италия](#) және Монакомен, оңтүстік – батыста [Испания](#) және [Андоррамен](#) шектеседі.



Палеолит пен мезолиттің ғылымға белгілі негізгі мәдениеттерінің бірқатары Франциядағы жер атауларына байланысты (шелль, ашель, мустье, ориньяк, солютрей, мадлен, азиль, тарденуаз). Оңтүстік Франциядағы палеолит кезеңіне тән үңгірлер (Фон-де-Гом, Ласко, Монтеспан, т.б.) жартастарға салынған суреттерімен көпке танымал. Ерте палеолит дәуірінде Франция аумағында кампиния мәдениеті тайпалары өмір сүрген (б.з.б. 6 — 4 мыңжылдықтар). Сена, Уаза, Марна өзендерінің алаптарынан алғашқы егіншілік құрал-саймандары (б.з.б. 3-мыңжылдық) табылды. Б.з.б. 6 — 5 ғасырлардан бастап б.з. 1-мыңжылдықтың соңына дейін Франция аумағына кельт тайпалары қоныстанды. Римдіктер оларды галлдар деп атады, сондықтан бүкіл ел Галлия атанды. Оңтүстік-батыста негізінен иберлер тұрды, б.з.б. 6 ғасырдан бастап Жерорта теңізі жағалауларына гректер өз иеліктерінің негізін қалады. Олардың ішінде негізгісі — Массалия (қазіргі Марсель) болды. Б.з.б. 2 ғасырдың соңы — 1 ғасырдың ортасында Галлияны римдіктер жаулап алды. Галлдар Рим империясына қарсы ерлікпен шайқасты. Дегенмен, күш тең емес еді. Рим үстемдігі елдің көп бөлігінде өндірістің дамыған құл иеленушілік әдісінің орнығуына себеп болды, көптеген қалалар салынды (Лион, Ним, Бордо, т.б.). 2 — 4 ғасырларда Францияда христиан діні таралды. Романдану процесінің нәтижесінде кельт тілдерін латын тілі ығыстырып шығарды. 3 ғасырда басталған Рим империясындағы саяси дағдарысқа байланысты Галлияда тауарлы өндірістің көлемі қысқарып, Италиямен экон. байланыстар әлсіреді. 4 — 5 ғасырларда герман тайпаларының баса-көктеп кіруі ел аумағындағы Рим үстемдігін түпкілікті жойды.



- Француз халқы Еуропа континентіндегі ең көне және тарихы мол халықтардың бірі. Әрбір ел, кез-келген ұлт өзінің салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарымен ерекшелінеді. Франция елінде талғампаздық, стиль, шеберлік бар. Елде өзгеріссіз дәстүрлер бар. Олар қатаң түрде этикетті сақтайды. Соның ішінде киім кию тәртібі, мінез-құлық үлгісі күнделікті өмірде қолданылып келеді. Француздар өздерін лас жүруге , және қарым-қатынастарын көпшілік жерде шешуге тырыспайды.
- Қазіргі кезде Франция халқы Солтүстік Африка халықтарымен араласып, интеграция үрдісі жалғасып келеді.



## Табиғаты

Францияның көпшілік бөлігі жалпақ жапырақты ормандар аймағында орналасқан. Қиыр оңтүстік жерорта теңіздік субтропиктер алып жатыр. Жағалаулары негізінен аласа, аккумулятивті немесе лагуналы, құрлыққа еніпкіреп жатқан шығанақтары бар (Атлант мұхиты жағалауларында Бискай, Сен-Мало, Жерорта теңізі жағалауында Лион), Ла-Манш пен Па-де-Кале бұғаздарының жағалаулары — абразивті, аласалау, бірақ тік, Котантен мен Бретань түбектерінің жағалаулары риас типті болып келеді. Лион шығанағынан шығысқа қарай Жерорта теңізі жағалаулары жартасты, Альпі тауларының теңізге келіп тірелген сілемдерінен құралған (Француз Ривьерасы деп аталады). Аумағының 2/3-сі елдің солтүстік, орталық және батыс аудандарын алып жатқан аласа және көтеріңкі жазықтар. Олардың ішіндегі ең үлкені — солтүстікте орналасқан Париж бассейні болып табылады. Оңтүстік-батысын — Аквитания жазықтары алып жатыр. Солтүстік-батысында жазықтар Арморикан үстіртімен ұласады, олар солтүстік-шығысы мен шығысында биіктігі орташа Арденн (көп бөлігі Франциядан тыс жерде) және Вогеz тауларымен қоршалған.



- Диснейленд - сіз Францияда болған кезде ғана балаларға емес, барлығына баратын ең жақсы орындардың бірі. Ол Париждің орталығынан шығысқа қарай 32 километр қашықтықта орналасқан.



Эйфель мұнарасы ([фр. Tour Eiffel](#)) - Париждің ең танымал сәулеттік туындысы. Өзінің әйгілі құрастырушысы Густав Эйфельдің атымен аталған. Париждің бұл нышаны уақытша ғимарат ретінде, 1889 жылғы әлемдік көрменің кіреберіс дарбазасы қызметін атқару үшін жобаланып, салынған болатын.



Канн - Францияның Ривьерінде орналасқан курорттық қала. Бұл жыл сайын өтетін халықаралық кинофестивалі өте танымал. Құмды жағажайлар мен таза су - бұл тек Каннда демалу үшін қажет.

**НАЗАРЛАРЫҢЫ  
ЗҒА  
РАХМЕТ!**

